«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
АТЫРАУ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
№4 Ю.А. ГАГАРИН АТЫНДАҒЫ
ОРТА МЕКТЕП» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«СРЕДНЯЯ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА №4 ИМЕНИ Ю.А. ГАГАРИНА»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АТЫРАУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

13 қараша 2024ж.
Атырау қаласы

ПРИКАЗ

№ 126
город Атырау

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасау арқылы»

2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434 Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі-заң) 41-бабының 1, 4, 5-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Мемлекеттік сатып сатып алу Заңының 39-бабы 3-тармағы 3-тармақшасының негізінде мектептің күрделі жөндеу жұмыстарының уақытында бітпеуіне байланысты оқушыларға үздіксіз білім беру мақсатында ғимаратты жалға алу үшін тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шартты ЖК «Саят Мухтарович Шатаев» жасасу.

2.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау, сондай-ақ жауапкершілікті Заңның 41-бабының 4-тармағына сәйкес өзіме жүктеймін.

Негіздеме: Атырау облысы білім беру басқармасының басшысының орынбасары Т.Байдошевтің төрағалығымен өткен жиын хаттамасы.

Мектеп директоры: **Г.Ахметкалиева**

«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
АТЫРАУ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
№4 Ю.А.ГАГАРИН АТЫНДАҒЫ
ОРТА МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«СРЕДНЯЯ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА №4 ИМЕНИ Ю.А.ГАГАРИНА»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА АТЫРАУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ»

060000, Атырау облысы, Атырау қаласы,
Мұқағали Мақатаев көшесі, 61
Тел/факс.: +7 (7122) 29-07-87,
e-mail: 4gagarin2012@mail.ru

060000, Атырауская область, город Атырау,
улица Мукагали Макатаев, 61
Тел/факс.: +7 (7122) 29-07-87,
e-mail: 4gagarin2012@mail.ru

№ 06-01-06-07-13/250.
14 қараша 2024 ж.

Негіздеме

Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «Жалпы білім беретін №4 Ю.А.Гагарин атындағы орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесіне» 2024жылдың 03.05 –нан бастап күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр, Атырау қаласы білім бөлімінің басшысы А.Дюсекенованың төрағалығымен өткен 2024жылдың 17 сәуіріндегі жиынның хаттамасына сәйкес келісім шартта белгіленген мерзімде мердігерге жұмыстарын уақытында аяқтау тапсырылды.Алайда жұмыс уақытында бітпеді сол себепті оқушыларды оқытатын ғимарат іздестірілді. Мектепке жақын жердегі орналасқан №11Ы.Алтынсарин мектебі сүрілуге кетуіне байланысты көршілес №2 Ж.Нажмиденов және №5 Ғ.Мүсірепов атындағы орта мектептерге оқушыларын орналастыруына байланысты жақын манда ғимарат табылмады. Мектебіміздің 1-4 сыныптарын орналастыратын ғимараттың жоқ болуына байланысты 2024 жылдың 4 –ші қыркүйегінде өткен Атырау облысы білім беру басқармасы басшысының орынбасары Т.Байдошевтың төрағалығымен өтен жиынның хаттамасын негізге ала отырып, ЖК « Шатаев Саят Мухтарович» Чердабаев көшесі -2 мекен жайы бойынша орналасқан 1148 м/кв ғимаратының бос болуына байланысты облыстық білім беру басқармасының және қалалық білім беру басқармасының келісімімен ғимаратты жалға алуға шешім шығарылды.

Мектеп басшысы: **Г.С.Ахметкалиева**

Сериялық нөмірлі қолмен ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНылады. Қатаңдық бойынша мәлімет үшін көшірмесі шектеулі мәліметке жасалады.
Белгілеуіне тұрғанда ЕШТЕҢЕ ЕШТЕҢЕ және ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве.
ЗАБЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

Атырау облысы білім беру басқармасы басшысының орынбасары Т.Байдошевтың төрағалығымен өткен жиын хаттамасы

Атырау қаласы 2024 жылғы 04 қаңтарда

Төрағалық еткен: Т.Байдошев - облыстық білім беру басқармасының орынбасары;

Қатысқандар: Б.Кабиева – бюджеттік жоспарлау және стратегиялық даму бөлімінің басшысы;
А.Дюсекенова - қалалық білім бөлімінің басшысы;
А.Есенов - бюджеттік жоспарлау және стратегиялық даму бөлімінің бас маманы;

Күн тәртібінде:

Білім беру ұйымдарын жаңа 2024-2025 оқу жылына уақытылы және сапалы дайындау мақсатында Атырау қалалық білім бөліміне қарасты күрделі жөндеу жүргізіліп жатырған мектеп оқушыларын орналастыру мен тасымалдау жұмыстарын ұйымдастыру.

Күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе төмендегідей шешім қабылдады:

Қалалық білім бөліміне (А.Дюсекенова):

1. Атырау қаласы білім бөліміне қарасты №4 Ю.Гагарин атындағы орта мектептің күрделі жөндеу жұмыстары аяқталған мерзімге дейін 1-4 сынып оқушыларын оқыту үшін мектепке жақын жерден ғимарат қарастыруды шұғыл түрде шешу мақсатында Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы талаптарына сәйкес жұмыстар жүргізу ұйымдастырсын.
   5-11 сынып оқушыларын мектепке жақын жерде орналасқан №31 мектеп-гимназиясына орналастырсын.
2. №23 А.Байтұрсынов атындағы орта мектептің күрделі жөндеу жұмыстары аяқталған мерзімге дейін 1-11 сынып оқушыларын жақын жерде орналасқан №24 орта мектепке орналастырылсын және оқушыларды мектепке тасымалдауды қажеттілігіне орай шұғыл шешу мақсатында заңдылыққай сай Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы талаптарына сәйкес жұмыстар жүргізсін.
3. Ш.Уәлиханов атындағы орта мектептің күрделі жөндеу жұмыстары аяқталған мерзімге дейін 1-4 сынып оқушыларын №21 Жамбыл атындағы орта мектепке, 5-11 сынып оқушыларын №13 Д.Байбосынов атындағы

орта мектебіне орналастырсын және оқушыларды мектепке тасымалдауды қажеттілігіне орай шұғыл шешу мақсатында заңдылыққа сай Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы талаптарына сәйкес жұмыстар ұйымдастырсын.

4. Т.Амандосов атындағы орта мектебіне автобус жүргізушісі табылмауына байланысты елді-мекендерден қатынап окитын оқушыларды мектепке тасымалдауды қажеттілігіне орай шұғыл шешу мақсатында заңдылыққай сай Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы талаптарына сәйкес жұмыстар жүргізсін.
5. Апатты деп танылған №30 мектеп-гимназиясының 1-4 сынып оқушыларын оқыту үшін мектепке жақын жерден ғимарат жалдауды және оқушыларды мектепке тасымалдауды қажеттілігіне орай шұғыл шешу мақсатында заңдылыққай сай Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы талаптарына сәйкес ұйымдастырсын.

   5-11 сынып оқушыларын мектепке жақын жерде орналасқан №19 Қ.Сәтпаева атындағы мектеп-гимназиясына орналастырсын.
6. Мектептің 1-4 сынып оқушыларын және әлеуметтік осал отбасы оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету тасымалдау арқылы ұйымдастырылсын.
7. Бесікті елді-мекенінде жаңадан ашылып жатырған бөбекжай бақшаны материалдық-техникалық базамен жабдықтауды Атырау қалалық білім бөлімінің үнемделген қаржыларының есебінен қарастырып, ұйымдастырсын.

Мерзімі: *шұғыл түрде*

Білім беру басқармасы
басшысының орынбасары **Т.Байдошев**

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ

УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

060010, Атырау қаласы, Әйтеке-би көшесі, 77
тел: 8 (7122) 354965, obl.bilim@atyrau.gov.kz

060010, город Атырау, улица Айтеке-би, 77
тел: 8 (7122) 354965, obl.bilim@atyrau.gov.kz

_____№ _____

06-01-06-02-46/4974 от 08.11.2024

Қалалық білім бөлімінің
басшысы А. Дюсекеноваға

2024 жылғы 22 қазандағы
№06-01-06-07-01/1714 хатқа

Атырау облыстық Білім беру басқармасы күрделі жөндеу жүріп жатырған қалалық мектептер мен оқушылар тасымалын шешу мақсатында өткізілген отырыс хаттамасын жолдайды.

Қосымша: 2-парақта

Басқарма басшысының
орынбасары **Т.Байдошев**

орынд.: Б.Кабиева
тел.: 8 (7122)27 09 40
b.kabiyeva@atyrau.gov.kz

Хаттама

Атырау қаласы

17 сәуір 2024 жыл
Сағ 14.30.

Өткен орны: Атырау қалалық білім бөлімі ғимараты.
Жиналысқа Атырау қаласы білім бөлімінің басшысы А.Дюсекенова төрағалық етті.
Жиналысқа қатысқандар: Бөлім басшысының орынбасары Е.Мамбетова, №4 Ю.Гагарин, №8 У.Атамбаев, №23 А.Байтұрсынов, Амангелді атындағы мектеп директорлары, «Еңбек» ЖШС К.Адильбаев, «Cosmos Art» ЖШС А.Қаржау, «Engineering Services» ЖШС Н.Гайнуллин, «Жалын Құрылыс» ЖШС директоры Х.Тұрарұлы, «Инвестиционная Консалтинговая группа «Cosmos Art» ЖШС А.Акжолов (онлайн), «Engineering Services» ЖШС К.Бикбаев, «ЭКО Пласт» ЖШС Б.Сәндиева, «КазЖобаСаулет- Консалтинг» ЖШС Б.Зулеев (онлайн), «Best Story Group Инженеринг» ЖШС Ғ.Ниязбеков, «Актөбе Қапстрой» ЖШС Р.Иргалиев, «Астана Дораркитекс» ЖШС Б.Ратов.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

Мектеп ғимараттарына жүргізілетін күрделі жөндеу жұмысы
Жиналысқа қатысушылар есебі мен пікірі тыңдалып ,

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Мектеп директорлары мердігер компаниямен бірлесе отырып, күрделі жөндеу жұмысын бастауға талон алуды және жасалатын жұмыс кестесін бекітуді ұйымдастырсын. Жұмыс кестесінің көшірмесін мектеп директоры Қалалық білім бөліміне жолдасын.
2. Мердігер компанияларға смета бойынша мектептің күрделі жөндеу жұмысын сапалы орындасын, құрылыс материалдарының сертификаттарын мерзімінде ұсынсын және келісім шартта белгіленген мерзімде аяқтау тапсырылсын.
3. Мердігер компания әр мектепке жауапты маманды бұйрықпен бекітіп ұсынсын.
4. Мердігер компания жөндеу жұмыстарын субмердігер компанияға бермесін, шарттық міндеттемелерін орындау талап етілсін.
5. Мердігер компания күрделі жөндеу жұмысы басталған уақыттан бастап жұмыс аяқталып, объект қабылданған уақытқа дейінгі коммуналдық шығындарды төлеуді міндеттемесіне алсын.
6.Атырау облысында төтенше жағдай жарияланғанмен келісім шарт міндеттемелерінің орындалуын мектеп те, мердігер компания, техникалық қадағалаушы да, авторлық қадағалаушы да орындалуын қамтамасыз етсін.
7. Мектептің күрделі жөндеу жұмысына жасақталған және мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алған сметаға түзету енгізу жүргізілмесін. Авторлық қадағалаушы бақылауды ұйымдастырсын, ондай жағдай орын алған болса мектеп директорына, техникалық қадағалаушыға хабарласын.
8. Мердігер компания объектілерге жұмысшылар санын көбейтіп (40 жұмысшыдан кем емес), жұмысты қарқынды жасауын және демалыс күндері де жұмысшылардың жұмыс істеуін ұйымдастырсын.
9. Техникалық қадағалаушы күрделі жөндеу жұмыстарының құрылыс нормаларына сай жүруін қадағаласын, сапасыз құрылыс нормалары сақталмай жасалған жұмыстар бойынша әр тарапқа хабарласын. Әр объектіге жауапты техникалық қадағалаушы жұмыс орнында болуы, журналдың жүргізілуі ұйымдастырылсын.
10.Мектеп директоры жасалған жұмыс актіне қол қойып, қабылдағаны жөнінде Қалалық білім бөліміне қызметтік хат берсін.

11. Жылу жүйесі, су, кәріз жүйелеріне, электр желілеріне жүргізілген жұмыстарды қабылдауда тиісті ТЭЦ, Атырау Су арнасы, Атырау Жарық, КазТрнасГазАймақ мекеме өкілдерін қатыстырып қабылдасын.
12. Мектеп директоры күрделі жөндеу жұмысы жүру барысында шарттық міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған мердігер, техникалық қадағалаушы және авторлық қадағалаушыға хабарлама жіберіп отырсын.
13.Облыстық мәслихат шешімімен күрделі жөндеу қаржысы отырғызылған соң, мектеп директорлары шарттарды Қазынашылық органда тіркеуді және шарт талабына сәйкес алдын-ала төлемді аударуды жүзеге асырсын.

Атырау қаласы білім бөлімінің
басшысы **А.Дюсекенова**